Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Пән атауы: Емле және сөз сазы**

Астана, 2022

**13-дәріс тақырыбы:** Сөз сазының көркем әдебиет пен өнердегі маңызы

**Қарастырылатын мәселелер:**

- Тілдік норма және көркем әдебиет нормасы;
- Көркем әдебиет нормасының ерекшеліктері.



# Сөз сазы

«Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу актісінде сөз ішіндегі немесе сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі өз ыңғайына иіп айтылуы.»

**Р. Сыздықова**

# Тілдік норма



## Сипаты, ерекшеліктері

1. Тілдегі біріздік, тіл материалдарын нормалайды.
2. Белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындырады.
3. Тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады.

# Қазақ әдеби тілінің дамуы




Қазіргі норма

Қазан төңкерісінен кейін

1920 жылдары

«Қазақ әдебиеті» газеті

«Кітаби тіл» үлгілері

М. Қалтаев «Насихат қазақия» (1911, Қазан)

# Әдеби норманың қалыптасуы

**1**

Сауатты жазу ережелері - орфография, пунктуация ережелері

**2**

Қаулы-қарарлар арқылы қабылданған терминдер жүйесі

**3**

Сөздіктер, оқулықтар, жетекші құралдар арқылы тіл байлықтарын екшеу

# Көркем әдебиеттегі сөз сазы (1-мысал)

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің

Біржан сал «Жанбота»

Жан-бо-та о-сы ме-ді өл-ген же-рім

**11 буын**

**Жазылуы**

**Айтылуы**

Жан-бо-та о-сы ма е-ді өл-ген же-рім

**12 буын**

**Себебі**

ма-е-ді → ме-ді

Бір ырғақпен айтылатын сөздердің аралығындағы екі дауыстының бірі **«жұтылып»**, өлең өлшемі дәл шығады.

# Көркем әдебиеттегі сөз сазы (2-мысал)

Кейде өлшемге қажет буын саны жетпей тұрса, «жедел жәрдемге» ы, і дыбыстары «шақырылады»

Баянауыл басынан бұлт кетпес,

Қиядағы түлкіге құсым жетпес

1-тармақ - 10 буын

2-тармақ - 11 буын

Ба-йа-на-уыл ба-сы- нан **бұ-лыт** кет-пес болып, **бұлт** сөзі **бұлыт** болып дыбысталады

# Қазақ поэзиясындағы аллитерация

Мұнда ж және ш дыбыстарынан басталатын бірқатар сөз шоғырланған.

**Ж**астық менің жаныма жыр байлады,

**Ж**астық мені жалтартпай, шыңға айдады,

**Ж**астық мені шыңдады, шынықтырды,

**Ж**астық шіркін өмірді шын ұқтырды.

**Мұқағали Мақатаев «Жастық»**

# Мақал-мәтелдердегі аллитерация

1 **Қ**ұлан **қ**ұдыққа **қ**ұласа, **қ**ұлағында **қ**ұрбақа ойнар

2 **К**өппен **к**өрген ұлы той

*Мұнда аллитерацияны пайдаланғандықтан, құлаққа жағымды, айтуға жеңіл, еске сақтауға қолайлы мәтел болып тұр.

# Қазақ поэзиясындағы ассонанс

**Е**реулі атқа ер салмай,
**Е**геулі найза қолға алмай,
**Е**ңку-еңку жер шалмай

Махамбет Өтемісұлы

**А**йналайын, **а**уылдың **а**дамдары-**а**й,
Сендер барда бұзылар заман қалай?

Фариза Оңғарсынова

# Көркем әдебиеттегі сөз сазы

Аллитерация

«**С**ыбдыр **с**өзбен шығарып **с**ап,
сынайын деп **к**епсің ғой, **к**өлгір
**с**өзбен **к**өлденең болғың кепті ғой»

«Ө**с**ер.., ө**с**ер.., не ө**с**ер?. Тек
зұлымдық ө**с**ер нө**с**ер болып **с**енен.
**С**ор ө**с**ер, ар өшер!»

«Сөйтіп, көркем әдебиет пен сахна өнері сөз сазына, сөздердің дыбысталу сипатына бейтарап емес екендігі байқалады. Сондықтан бұл жайтқа көркем әдебиетті оқытып үйрететін мектеп мұғалімдері мен сахна шеберлерінің назар аударулары шарт»

**Р. Сыздықова**

# Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сыздықова Р. Сөз сазы (Сөзді дұрыс айту нормалары). Көмекші оқу құралы. — Алматы: «Санат», 1995. — 120 бет
2.Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. — Алматы: «Ғылым», 1984. — 184 бет
3.Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. — Алматы: «Мектеп», 1984. — 75 бет

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!